

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Құпия майдан қаһарманы

«...барлаушы саясатты жасамайды, ол оның орындалуын қамтамасыз етеді»
У.ЧЕРЧИЛЛЬ.

Бұл өмірде шындық түптің түбінде ашылады дейді. Өйткені, нағыз шындықты білетіндер арада бәрібір болады. Тіпті бар қажетті табиғаттың өзі де сыр қылып шерте алады. Тек оның көзін таба білу қажет. Бірде көне ескерткіш тас мүсіндердің жанынан өтіп бара жатқан тарихшы ғалым: «Шіркін, мына мүсіндерге тіл бітер болса, осынау әлемнің құпиясын, шынайы шындығын паш етер еді-ау», – деп ауыр күрсініпті. Иә, расында, оларға тіл бітсе мына дүниенің нағыз тарихын зерттеусіз-ақ солар-ақ ашып берер еді. Алайда бұл мүмкін емес. Тас мүсіндер бар сырды көрсе де, білсе де сөйлемейді. Ештеңе айтпайды. Олар о баста солай пайда болды, сондықтан жермен жексен жойылып кетсе де, ешуақытта сыр ашпайды. Сонда да халық оны көнеден қалған көз, тарихтан қалған сыр деп қымбат тұтады, ерекше ескерткіштер деп бағалайды. Бірақ түптің түбінде олар да біртіндеп адамдардың қажетіне қарай сыр ашатыны белгілі.

Ал көп сыр білетін барлаушылар туралы не айтуға болады? Олардың білетін сыры көп екені рас. Дегенмен, әр барлаушы сол көне тарихи ескерткіш секілді, тірісінде жақ ашпайды. Олардың да табиғаты солай. Қай мемлекеттің болмасын, сыртқы барлау қызметі тікелей сол елдің ғана басшысына есеп беретіндігі белгілі. Сондықтан да сыртқы барлау сол елдің заңы бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етуші құрылымдардың бірі болып табылады. Олар, өздеріне жүктелген міндеттерді түрлі амалдар арқылы жүзеге асырады. Және солай істеуге тиіс. Бұл міндеттер белгілі бір заңдармен бекітілген. Осыған орай олар алған, яғни көп ізденіп, жасырынып жүріп қолға жинақтаған мәліметтерінің шынайылығы мен ақиқаттығына жауап береді.

Сөйтіп, барлаушылар өздеріне жүктелген ең абыройлы міндеттері арқылы барлаушылық қызметті саяси, экономикалық және ғылыми-техникалық салада

қамтамасыз етеді. Мемлекеттің қауіпсіздік саласындағы саясатын тиімді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай туғызуға амалдар жасайды. Елдің әскеритехникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономикалық дамуы мен ғылымитехникалық қарыштауына көмек көрсетеді.

Сыртқы барлау қызметі құрамында істейтін жандардың дені, негізінен, офицерлік топтың қаймақтары болып табылады. Дұрысын айтқанда, олардың барлығы жоғары сауатты, білімді, білікті, яғни нағыз зиялы қауым өкілдері. Олар бір тіл емес, бірнеше елдің тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін біледі. Міне, осындай жағдайда, кезінде генерал-лейтенант Болатбек Жетпісбаев та қызмет етіп жүргенде оған, яғни сыртқы барлау қызметкері ретінде алдына айрықша тапсырмалар қойылған болатын. Яғни, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына (КСРО) қатысты өзге елдердің ниетін білу өте қажет болды.

Болатбек Жетпісбаев Ош қаласында дүниеге келді. 1960 жылы «металды кесу арқылы өңдеу» мамандығы бойынша Том машина жасау техникумын бітірді. Одан арғы жолын ол авиациямен байланыстырғысы келіп, соған дайындыққа кіріседі. Бірақ, адамға бәрібір тағдырдың жазғаны болады дегендей, ол 1960 жылдың тамыз айында Ф.Э.Дзержинский атындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) жоғарғы мектебінің тыңдаушысы болып шыға келді.

Әрине, бұған оның сол кезде-ақ байқала бастаған қабілеті мен асқан ептілік қасиеті болашақ барлаушылар дайындау орталығына әкелген еді. Сөйтіп, осы кездеақ оның алдағы уақытта Шығыста жұмыс істейтін жолдары белгілене бастаған болатын. Сыртқы барлау қызметін кез келген ел пайдаланатындығы белгілі. Бұл ол елдің егемендігін сақтап, қай уақытта, қай тұстан қандай қауіп-қатер туындайтынын білу үшін өте қажет. Демек, біз уақытты емес, уақыт бізді қалайтынын ұмытпауымыз керек. Осыған орай барлық міндеттер әлемдік жағдайға байланысты өрбитінін де естен шығармаған жөн. Мәселен, қазіргі күні лаңкестік мәселесі күрделі болса, ол кезде әр елдің алдында басқа жағдай тұрды.

Міне, осы айтқанымызға айқын дәлел, Б.Жетпісбаев аталған оқу орнын бітірмей жатып, яғни 3-курстан кейін 1963 жылы Ирак еліне жол тартады. Жас маманның мұндай сапарға аса қажеттігі болмаса, әрине, өзге курстастары секілді жылы орнынан қозғалмас еді. Бірақ оның сол кезде-ақ барлау ісіне қажеттігі болды. Сондықтан да сол кездегі алып КСРО мемлекеті оны бірден жауапты тапсырмаларға жүктеді. Ол алғашқы тапсырманы ойдағыдай орындап, сындарлы сыннан сүрінбей келген соң оқуын одан әрі жалғастырып, содан 1966 жылы Ф.Э.Дзержинский атындағы МҚК жоғарғы мектепті аяқтағаннан кейін, Алматы қаласындағы Қазақ КСР МҚКнің бірінші (барлау) бөліміне қызметке жіберілді.

Содан ол әртүрлі дайындықтан толық өтіп болған соң араға үш жыл салып, ең алғашқы ұзақ мерзімдік іссапар, яғни бес жылға жуық уақытқа Таяу Шығыс елдерінің біріне аттанды. Оның осы сапарда қандай маңызды міндеттерді орындағанын және оның бәрі табысты да нәтижелі болғандығын, сондықтан оның тәжірибесін одан әрі өмірге ендіру қажеттігі болғандығын, оралысымен бірден КСРО МҚК орталық аппаратына алынуынан-ақ байқаймыз. Сөйтіп, ол елдегі қызметі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Барлау тапсырмаларын орындау оңай емес. Өйткені, бұл міндетті жүзеге асыру үшін, ең алдымен, жасырын қимылдау қажет. Астыртын жүріп, толыққанды әрекет ету де қиын екені белгілі. Ашық жүру мүмкін емес. Демек, жансыздарға діттеген нәтижеге жету үшін көптеген қосымша айла, амалдарды қолдануға тура келеді. Бірақ бұл амалдардың бірде-бірі айналаға, бейбіт адамдарға кеселін тигізбеуі тиіс. Әйтпесе, өзгелердің құрбандығы арқылы қол жеткен мәліметтің қайыры болмайды. Әр барлаушы мұны жақсы түсінеді. Сондықтан қажетті нысанаға әрі еленбей, әрі білдіртпей, әрі еш зиянын тигізбей жету үшін барлаушының қажетті адамын арбау тәсілі мен ерекшелігі басым болғаны жөн. Осы шеберлігі мен батылдығын пайдаланған Б. Жетпісбаев өзі болған елдердің көрнекті тұлғаларының сеніміне енді. Сеніміне еніп қана қоймай, құнды ақпараттарды алу үшін

ұзақ жылға берік ынтымақтастығын қалыптастырды. Әрине, осындай көп жылғы ерен еңбектің арқасында қол жеткізген нәтижелер өте жоғары бағаланды. Бірден оның кеудесіне «Қызыл Жұлдыз» ордені тағылып, артынан ол «Мемлекеттік қауіпсіздіктің құрметті қызметкері» белгісімен, одан кейін көп ұзамай «Қызыл Ту» орденімен және «Әскери еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Болатбек Жетпісбаев еңбек етуден бас тартқан жоқ. Ол өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпақ тәрбиесіне арнады. Болашақ барлаушыларға бар өнерін, білімін сарқып берді. Соның арқасында оның қанаты астынан талай генералдар шықты. Оның мектебінен көптеген барлаушылар өтті. КСРОАҚШ текетіресі кезінде оны америкалық әріптестері құрмет тұтып, кәсібилігін жоғары бағалады. Өйткені, кезінде талай мәрте бетпе-бет те, сырттай да «көрінбейтін шеп» күресінен абыройлы шыға білді. Сөйтіп, генераллейтенант Б.Жетпісбаев 2005 жылы отставкаға шығып, өмірінің соңына дейін РФ Сыртқы барлау қызметінің сарапшысы қызметін жалғастырды. Амал не, өмір бар жерде өлім бар дегендей, биылғы жылдың 20 сәуірінде кеңестік және ресейлік барлаудың ардагері, отставкадағы генерал-лейтенант Болатбек Жетпісбаев өмірден озды.

Александр ТАСБОЛАТОВ